

Қазақ тілі (B2 деңгейі) 2-семестр. 2-сабақ. Бірінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Білімді ұрпақ – ел ертеңі.

Грамматикалық тақырып: Модаль сөздердің жіктелуі, септелуі.

Оқылым.

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.

Қай мемлекеттің болмасын, өркениетті дамуы қоғамдық сана түрлерінің заман талабына сай жетілуімен тығыз байланысты. Қоғамдық сана түрлерінің (тіл, тарих, дін, мәдениет, білім, ғылым, экономика, саясат, және тағы да басқа) негізінде, әсіресе, білімді жетілдіру – негізгі құндылық. Қоғамдық сана түрлерін жетілдіре алған қоғамды берекелі қоғам дейміз. Қоғамды дамытуға әр азамат күш салуы қажет. Білімге, еңбекке үлкен жауапкершілікпен қарау қажет.

Білім қоғам игілігіне айналу керек. Қазіргі әлемде технология түрлерінің жедел түрде дамуы кез келген мемлекетке үлкен міндеттерді жүктеуде. Қоғам уақыт талабына сай ілгерілеу үшін экономика, ғылым дамуы тиіс. Білім, өнер, ғылым қазақ мәдениетінде ерте кезден қалыптасқан. Елімізден шыққан ірі ғалымдар әлемдік өркениетте өз қолтаңбаларын қалдырды. Шоқан Уәлиханов жазғандай, ел өркениетке қол жеткізу үшін ең әуелі азаттық пен білім керек. Тәуелсіздік бар, енді ғылымды дамыту қажет. Қоғамның рухани кемелденуі білім сапасының артуы мен саналы тәрбиені ұштастыруға байланысты. Басты байлық – адам, ал адам байлығы – білім.

Қазіргі ғылыми-техникалық даму дәуірінде инженер жан-жақты терең білім алуға, мәдениетінің аса жоғары болуына және алдыңғы қатарлы өмір тану қабілетіне жетуге талпынғаны дұрыс. Егер де оның бойында мұндай қасиеттер болмаса, ол өзіне жүктелетін аса жауапты істерді, алдыңғы қатарлы ғылыми идеяларды өндіріске кеңінен пайдаланып, еңбекші қауым мен техникаға өнегелі қатынас жасай алмайды.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде қандай сөздер жиі қайталанатын? Жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

Жаттығу жұмысы.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Қандай қоғамдық сана түрлері бар?
2. Қоғам уақыт талабына сай ілгерілеу үшін қандай салалар даму қажет?
3. Шоқан Уәлиханов жазғандай, ел өркениетке қол жеткізу үшін не керек?
4. Адам үшін басты байлық не деп ойлайсыз?

5-тапсырма. Сөйлеушінің сөйлемде айтылған ойға нық сенімін білдіретін модаль сөздерді (**әрине, әлбетте**) келтіре отырып, сөйлемдер құрастырып жазыңыз.

6-тапсырма. Берілген сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырып жазыңыз: рухани білім, білімді ұрпақ.

Айтылым.

7-тапсырма. Мәтін бойынша жазған сөздік жұмысын айтыңыз.

8-тапсырма. Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтыңыз.

Білім туралы пікіріңізді айтыңыз (орта білім, жоғары білім, т.б.).

2-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.

Тіл дамыту жұмысы. Өлеңді жаттап алыңыз. Жасымда ғылым бар деп ескермедім.

Абай.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл *махрұм*¹ қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы – бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.
Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Қазаққа қара сөзге дес бермедім.
Еңбегіңді білерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

1 - Махрұм – бос, құр, бос қалу, құр қалу

2-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.